

**Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2012 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 2 наурыздағы № 283 Қаулысы

«Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2012 жылға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың бірінші басшылары (келісім бойынша):

1) Іс-шаралар жоспарын орындау жөнінде шаралар қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне 2012 жылғы 20 мамырдан және 10 қарашадан кешіктірмей Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі 2012 жылғы 10 маусымнан және 10 желтоқсаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі 2012 жылғы 10 шілдеден және 2013 жылғы 10 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2

н а у р ы з д а ғ ы

№

2 8 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2012 жылға арналған іс-шаралар жоспары**

№	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Қазақстан Республикасының ювеналдық әділет жүйесін одан әрі жетілдіруді заңнамалық, ұйымдық және институционалдық қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау туралы іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы	Әділетмині	1-тоқсан
2	«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының тұжырымдамасын мүдделі мемлекеттік органдармен және ғылыми-сараптама қоғамдастығымен талқылау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ДСМ	1-тоқсан
3	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алуға бағытталған ұлттық алдын алу тетіктерін жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу	Заң жобасы	Әділетмині	1-тоқсан
4	«Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу	Заң жобасы	Әділетмині	2-тоқсан
5	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу	Заң жобасы	ҰБ (келісім бойынша)	2-тоқсан
6	Нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкісін енгізу бойынша шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Әділетмині	2-тоқсан

7	Азаматтықты және қазақстандық патриотизмді насихаттауға, Конституцияны, Республиканың заңдарын және мемлекеттік рәміздерін құрметтеуді қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды жүйелі негізде жүргізу	дәрістер, БАҚ-та сөз сөйлеу	Әділетмині, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар	2-тоқсан
8	Құқықтық насихат жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіру, ұйымдастыру және бақылау бойынша әділет органдарының, сондай-ақ халықты құқықтық жалпы оқыту бойынша жергілікті өкілді және атқарушы органдарының рөлін күшейту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Әділетмині, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар	2-тоқсан
9	Әкімшілік-іс жүргізу кодексін қабылдауды, бұл ретте әкімшілік-іс жүргізу заңнамасының реттеудің нысанын нақты анықтау қажеттігін пысықтау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар	2-тоқсан
10	Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметі жаңа моделінің тұжырымдамасын іске асыру бойынша шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	МҚІА (келісім бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар	жылдың қорытындысы бойынша
11	Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингіне, оларды қолдану практикасын талдауға негізделген заң жобалау қызметін болжау-талдаумен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар	жартыжылдықтардың қорытындылары бойынша
12	Үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері мен жұртшылық өкілдерін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге тарту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар	3-тоқсан
13	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ювеналдық әділетті жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу	Заң жобасы	Әділетмині	3-тоқсан
14	«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы (жаңа редакция)» заң жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу	Заң жобасы	ҰҚК (келісім бойынша)	3-тоқсан
	«Мемлекет кепілдіретін заң көмегі туралы» заң жобасын әзірлеу және			

15	Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу	Заң жобасы	Әділетмині	3-тоқсан
16	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекет кепілдіретін заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу	Заң жобасы	Әділетмині	3-тоқсан
17	Бизнес қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның қызметіне негізсіз араласуды болдырмауға бағытталған шараларды қабылдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ЭСЖҚКА (келісім бойынша)	3-тоқсан
18	Қазақстан Республикасы ақпараттық қауіпсіздігінің 2016 жылға дейінгі тұжырымдамасы іске асыру бойынша шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	МАМ, ПМК, ҰҚК (келісім бойынша), орталық және жергілікті мемлекеттік органдар	3-тоқсан
19	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласын құқықтық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының тұжырымдамасын мүдделі мемлекеттік органдармен және ғылыми - сараптама қоғамдастығымен талқылау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар	3-тоқсан
20	«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру бойынша шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ҰҚК (келісім бойынша) Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар	3-тоқсан
21	Қоғамдық-құқықтық дауларды қарауға бағытталған Әкімшілік әділет құру туралы мәселені қарастыру	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныс енгізу	Әділетмині, ЖС (келісім бойынша)	4-тоқсан
22	Соттарды ақпараттық дүңгіршектермен кезең-кезеңмен қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ЖС (келісім бойынша)	4-тоқсан
23	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әр түрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қарама-қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Заң жобасы		4-тоқсан

	туралы» заң жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу		Әділетмині	
24	Мемлекеттік органдардың адам құқығын қорғау саласындағы қызметін ақпараттық сүйемелдеу, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдар арқылы халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	М А М , Әділетмині, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар	4-тоқсан
25	Құқықтық көмек көрсету, экстрадициялау, сотталған адамдарды беру саласындағы екіжақты халықаралық шарттарды әзірлеу немесе қол қою	Әзірленген халықаралық шарттарға қол қою немесе оларды ратификациялау	БП (келісім бойынша)	жыл бойы

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

- Әділетмині – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі  
М А М – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Б П – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы  
Д С М – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі  
Ж С – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты  
М Қ І А – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі  
П М К – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі  
Ұ Б – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі  
Ұ Қ Қ – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті  
Э С Ж Қ Қ А – Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі  
(қаржы полициясы)